

“БЕКІТЕМІН”

**Халықаралық гуманитарлық-
техникалық университетінің
президенті, э.ғ.к.**

Ф.М.Жұрынов

2015 ж.



**КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТЕСТІЛЕУ
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ**

Шымкент 2015

АЛҒЫ СӨЗ

1 Компьютерлік технология және тестілеу орталығымен әзірленді және енгізілді

2 Әзірлегендер - КТТО басшысы Р.А. Нурымбетов

3 Келісілді - Ректор, т.ғ.д. Б.Н.Қорғанбаев
- Заңгер Н.Ы.Ибрагимов
- Кадр бөлімінің бастығы Д.Н.Садикова

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Университет бұйрығымен 2010 жылдың қаңтар айының 13 жұлдызынан Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті құрамында «Компьютерлік технология және тестілеу орталығы» болып ашылды.

1.1. Өз жұмысында компьютерлік технология және тестілеу орталығы құқықтық – нормативтік құжаттарды басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. N319-111 "Білім туралы" Заңын;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандартын (ҚРМЖМБС 3.001-2000);
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты. Жоғары кәсіби білім. Білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық білім беру базасы (ҚРСТ 1158-2002);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 06.08.2001ж. N1037 Қазақстан Республикасы білім жүйесін ақпараттандыру концепциясын;
- Университет жарғысын, өкілетті Сенат, Кеңес шешімдерін;
- бағдарламалау және компьютерлік техникаға қатысты Ережелері мен заңдарын;
- ҚР Еңбек кодексі 01.06.2007 ж;
- Еңбекті қорғау және қауіпсіздігі туралы ҚР Заңы 28.02.2004 ж;
- ішкі еңбек тәртібінің Ережесін;
- электр қауіпсіздік, өрт қауіпсіздік негіздерін.

1.2. Компьютерлік технология және тестілеу орталығы жұмысы Президентке бағынады.

2. БӨЛІМШЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

2.1 . Компьютерлік технология және тестілеу орталығы университет президенті бекіткен штат кестесіне сәйкес томендегі қызметтерден тұрады:

- басшы;
- оқу процесі бойынша жетекші маман;
- инженер-бағдарламашы;
- бағдарламашы;
- инженер-электроншы;
- инженер-жүйелеуші;
- оператор.

3. КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТЕСТ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Компьютерлік технология және тестілеу орталығы әрдайым оқу процесіне қажетті жаңа компьютерлік технологияларды, программалық қамтамасыздандыруларды ендіруге және олардың мүмкіншіліктерін қолдану үшін қызметтер атқарады. Компьютерлік технология және тестілеу орталығының басты қызметі бұл оқу процесін ақпараттандыру болып табылады.

3.1. Факультеттің, кафедраның оқу процесіне қатысты компьютермен әдістемелік жұмысын ұйымдастыру:

- оқу бөлімімен, тіркеу бөлімімен, факультеттермен тығыз байланыста болу және компьютердің көмегімен сынақ, емтихан өткізу;
- КТТО қызметкерлері қорытынды аттестация мерзімдерінде тестік емтиханда жүргізуде техникалық қамтамасыз ету бойынша бақылаушы ретінде қатысады
- компьютерлік сыныптарды ұйымдастыру және басшылық ету;
- компьютерлерді уақытылы оқу процесіне дайындау, техникалық жағдайын қадағалау және тазалығын сақтау;

3.2. Университеттің бөлімдері, факультеттермен кафедраларға техникалық қызмет көрсету:

- компьютерді оқу процесіне ұтымды пайдалану үшін әрдайым техникалық жағдайын жаңартып отыру;
- оқу процесіне қажетті программалық қамтамасыздандыруларды орнату, жаңа компьютерлік құрылғылар мен программаларды ендіру, меңгеру;
- университет бөлімдері және факультеттерінің барлық компьютерлері мен құрылғыларына техникалық жөндеу жұмыстарын жүргізу;
- университеттің кіші баспахана техникасының жағдайын қадағалау, баспа жұмыстарын жүргізу;
- қолданыстағы техникалық жабдықтардың тиімді, ұқыпты пайдалануын қадағалау.

3.3. Компьютердің техникалық сапасын қадағалау, оларды есепке алу және есептен шығару жұмыстарын ұйымдастыру:

- Университеттегі пайдаланылатын барлық компьютерлердің техникалық сапасын, санын, жағдайын қадағалау және есеп жүргізу;
- Университет басшылығына қызмет көрсететін барлық компьютерлер мен оның құрылғыларының сапасы және саны жайлы есеп беріп отыру.

3.4. Компьютерлік технология және тестілеу орталығының қызметкерлерінің біліктілігін көтеру жұмыстарын ұйымдастыру.

3.5. Еңбекті қорғау нормаларын, техникалық қауіпсіздігін сақтауды қамтамасыз ету.

3.6 . Бір ақпараттық кеңістік құру мақсатында университет инфроқұрылымына желілік технологияны ендіру және дамыту:

- оқу процесін жүргізуге арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйе орнатып, пайдалану;
- ғаламдық компьютерлік интернет желісіне қосылу мен пайдалану.

4. МІНДЕТТЕРІ

4.1. Компьютерлік технология және тестілеу орталығы туралы ереже құрастыру.

4.2. Компьютер техникасы мен технология жетістіктерін, инновациялық әдістерді ендіру.

4.3. Сынақ, емтихан қабылдау, тест қабылдау жүйесін инновация әдістермен жетілдіру.

4.4. Ақпараттық технологияларды бөлімдерге ендіруде үйлестіру жұмыстарын ұйымдастыру.

4.55. ҚҰҚЫҒЫ

4.6 Компьютерлік технология және тестілеу орталығы құқылы:

4.75.1. Компьютерлік технология және тестілеу орталығы жұмысының мазмұнына байланысты университет шешімдері мен жобаларымен және бұйрықтарымен танысуға;

5.2. Кәсіптік қызмет үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етуге;

5.3. Белгілеген тәртіп негізінде Халықаралық, Республикалық ғылыми және оқу-әдістемелік конференцияларды ұйымдастыруға және қызмет жасауға;

5.4. Өз қызметіне қатысты университет басшылығының шешімдірінің жобасымен танысуға;

5.5. Өзінің құзырлық шеңберінде құжаттарға қол қойып бұрыштама қоюға;

5.6. Басқа құрылым мамандарын өзіне жүктелген міндеттерді шешуге қатыстыруға;

5.7. Мекеме басшыларынан өзінің құқықтар мен міндеттерін орындауға байланысты көмек талап етуге;

5.8. Компьютерлік техника мен технологияларды пайдалану қағидаларын бұзған

қызметкерлерді жауапқа тарту жөнінде мекеме басшылығына материалдар ұсынуға;

5.9. Білім мен біліктілікті арттыруға.

6. ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Компьютерлік технология және тестілеу орталығының қызметкерлері құрылым ережесінің мазмұны мен талаптарына жауапты.

6.2. Компьютерлік технология және тестілеу орталығы міндетті:

- жүктелген міндеттерді орындауға;

- жұмыс процесін ұйымдастыруға, жоспарлауға және материалды қамтамасыз етуге, жұмыс кестесінің орындауға;

- мәліметтер қорындағы және оқу процесіне тиісті ақпараттардың жойылып немесе таратылып кетуіне жол бермеуге;

- Компьютерлік технология және тестілеу орталығының қызметкерлері қызмет этикасын бұзбауға;

- қауіпсіздік техникасын сақтау бойынша жұмыстарды қадағалауға;

- Университет жарғысымен, жұмыс істеп тұрған құқықтық актілермен және нақты ережемен қарастырылған міндеттерді орындауға;

- материалды техникалық құндылықтарды, құралдар мен қондырғыларды сақтауға.

6.3. Қатаң түрде жауапты береді:

- Қазақстан Республикасының "Еңбек туралы" заңын бұзушылықтарға;

- Компьютерлік технология және тестілеу орталығының қызметкерлері өзінің қызметін атқару барысында құқық бұзушылыққа жол берген жағдайда әкімшілік, қылмыстық, заңдарға сәйкес;

- материалдық зиян келтірген жағдайда Қазақстан Республикасының еңбек, азаматтық заңдарына сәйкес.

7. БАСҚА ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

7.1. Компьютерлік технология және тестілеу орталығы өз қызметінде тікелей ректорға бағынып, оның барлық ауызша-жазбаша түрде берген тапсырмаларын орындайды.

7.2.Компьютерлік технология және тестілеу орталығы жоғарыда көрсетілген қызметтері бойынша университеттің барлық бөлімдері, факультеттері және кафедралармен тығыз байланысады.

7.3.Заңды және құқықтық сұрақтар бойынша университеттің заң қызметімен бірге отырып, шешеді.

7.4.Компьютерлік технология және тестілеу орталығының кадрлық сұрақтары президент және кадрлар бөлімімен бірлесе отырып шешеді.

7.5.Компьютерлік технология және тестілеу орталығы ұйымдастыру, жоспарлау, компьютерлік және бағдарламалау жабдықтау мәселелер бойынша университеттің барлық бөлімшелерімен қарым-қатынаста болады.

7.6.Желілік қызмет көрсететін басқа қазақстандық, сондай-ақ шетелдік мекемелермен қарым-қатынаста болады.

7.7.Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің ғылыми кеңесінде қаралды және бекітіледі, хаттама №1 28 тамыз 2015 ж.

КЕЛІСІЛДІ

Ректор, т.ғ.д. Б.Н.Қорғанбаев



Заңгер Н.Ы.Ибрагимов



Кадр бөлімінің бастығы Д.Н.Садикова

